



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті



Құрметті оқушылар, колледж студенттері, мұғалімдер және педагогтер!

2022 жылдың 2 сәуірінде Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті мектеп және колледж оқушыларына арналған «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» VI қалалық ғылыми конференция өткізеді.

Конференцияның мақсаты: оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту, оқушылардың үздік зерттеу жұмыстарын көрсету және насихаттау.

Конференцияның міндеттері:

- зерттеу жұмыстары арқылы оқушылардың зияткерлігін және шығармашылық ой-өрістерін дамыту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытқан оқушыларды анықтау және қолдау көрсету;
- жоғары оқу орындарымен шығармашылық қарым-қатынас қалыптастыру;
- қоғамдағы зияткерлік әлеуетті дамыту мәселелеріне қоғам назарын аудару.

Конференция қатысушылары

Конференцияға 9-11 сынып оқушылары, колледж студенттері және ұстаздар (ғылыми жетекші ретінде) шақырылады.

Конференцияның бағыттары

1. Физика-математика ғылымдары;
2. Информатика және ақпараттық технологиялар (информатика, автоматтандыру и электротехника, ақпараттық жүйелер);
3. Филология (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі);
4. Жаратылыстану ғылымдары (химия, география, биология, экология, ветеринария, агрономия);
5. Экономикалық ғылымдар (экономика, менеджмент, есеп және аудит, қаржы);
6. Педагогикалық ғылымдар (педагогика, психология, мектепке дейінгі оқыту, бейнелеу өнері, музыка, еңбекке баулу);
7. Инженерлік ғылымдар (машина жасау, биотехнология, техникалық физика, жылу энергетика, тамақ өнімдерінің технологиясы, құрылыс және т.б.);
8. Гуманитарлық ғылымдар (құқықтану, журналистика, Қазақстан тарихы, философия);

Қатысу шарттары

Конференцияның бірінші кезеңін мектептер (колледждер) дербес түрде өткізеді.

Конференцияның әр бағыты бойынша мектептен (колледжден) **бір жеңімпаз** ұсынылады.

Конференцияға қатысу үшін **2022 жылдың 18 наурызына дейін** otdelnauki2013@mail.ru электрондық поштасына **конференцияға қатысушының өтінімін** (сканерленген нұсқасы) жіберу қажет.

Конференцияға қатысушы өтінімі

Қатысушының Аты-Жөні (толығымен)	
Мектеп (колледж) атауы	
Сынып, топ	
Бағыты	
Баяндаманың тақырыбы	
Қатысушының тел. нөмірі (үйдің., ұялы)	
Электронды мекен-жай	
Жетекшінің Аты-Жөні (мектеп ұстазы, колледж оқытушысы – толығымен)	
Жетекшінің тел. (жұмыс., ұялы)	
Электронды мекен-жай	

!!! Өтінім мектеп директоры (немесе оқу ісінің меңгерушісі) қолы және мөрмен расталады.

Конференцияда сөз сөйлеу

Конференция жұмысының барысында, әр пәндік секцияда қатысушының көпшілік алдында баяндама жасауы қарастырылған. Жұмыстың бұрын басқа конкурстарға ұсынылмауы және өзіндік зерттеу нәтижелері (абстрактілі емес) болуы шарт. Баяндама презентациялық материалдармен сүйемелденуі тиіс. Регламент 3-4 мин.

Конференция материалдары

Конференция аяқталған соң **материалдардың электронды жинағы** басылып шығады. **ЖИНАҚҚА СЕКЦИЯДА БАЯНДАМА ЖАСАҒАН ҚАТЫСУШАЛАРДЫҢ МАҚАЛАЛАРЫ ҒАНА ЕНЕДІ.** Жинақтың электронды нұсқасы Шәкәрім университетінің сайтында орналастырылады. **Ғылыми мақалалардың жариялануы ТЕГІН.**

Ұсынылатын жұмыстарға қойылатын талаптар

- А4 форматындағы, көлемі 1 беттен аспайтын баяндаманың мәтіні;
- мәтін редакторы – Word 6,0 (7,0);
- шрифтердің түрлері – Times New Roman, Kz Times New Roman, символ мөлшері – 11 пт.;
- жоларалық қашықтық – бірлік;
- сол жақ, оң жақ, жоғары және төменгі жолақ – 20 мм;
- мәтінді ені бойынша орналастыру;
- сөздердің автоматты тасымладануы міндетті;
- абзац басындағы азат жол – стандартты (1,25 см);
- абзац басындағы азат жолды жасау үшін кестені немесе бос орындарды қолдануға болмайды;
- мәтінді түзету үшін бос орынды қолдануға болмайды (мәтінің барлық сөздері бір-бірінен бір бос орынменмен бөлінуі керек);
- мәтіннің кейбір бөлігін айрықша көрсету үшін жартылай қою, *курсив* және асты сызылған шрифт қолданады;
- суреттер мен графиктердің сапасы айқын және ақ-қара түсте болуы тиіс (қара түспен штрихтауды қолдануға рұқсат);
- белгіленген аймақтың мағыналық реңкі болған жағдайда, кестелердің ұяшығын сұр (қара) түспен белгілеуге рұқсат.

Тезистерды үйлестіру сұлбасы

- Ортада – автордың инициалдары мен тегі жартылай қою шрифтпен (әр автор үшін – алдымен аты-жөні, содан соң тегі).
- Келесі жолда: – мектеп нөмірі (колледж атауы), орта бойынша тегістеледі.
- Келесі жолда: ғылыми жетекшінің – Т.А.Ә., беретін пәнін белгілеу.
- Бір бос орыннан кейін – БАС ӘРІППЕН, жартылай қою шрифтпен, орта бойынша тегістелген баяндаманың атауы.
- Әдебиеттер тізімі – позициясы нөмірленеді. Мәтіндегі әдебиетке сілтемелер тік жақшада, үтір не сызықша арқылы рәсімделеді: [1], [2, 3], [1-4].

ТЕЗИСТІ РӘСІМДЕУДІҢ ҮЛГІСІ:

Г.Ж. Ағзамова

Семей қ.экономикалық лицейі,
Ғылыми жетекшісі – М.С. Серікова, биология пәнінің мұғалімі

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Мәтін, Мәтін, Мәтін,

Өтетін орны: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің (Семей қ., Глинки көшесі, 20А).

Өтетін күні мен уақыты: 2022 ж., 2 сәуір, сағ.10:00.

Конференцияның жұмыс барысы:

10:00-10:20 – пленарлық отырыс (акт залы, 1 қабат)

10:30-14:00 – секциялардың жұмысы, қорытындылау, жеңімпаздарды дипломдармен марапаттау

Сұрақтарыңыз бойынша Ғылыми қызметті басқару бөліміне хабарласуларыңызды сұраймыз:

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Глинка к-сі, 20а, каб. 506,
тел. 8 (7222) 31-32-49, электрондық пошта otdelnauki2013@mail.ru

Қазақ тілінде кеңес беру – 8 747 544 59 67 Толғанай Қайнарбекқызы,

Орыс тілінде – 8 777 585 75 39 Зульфия Тагировна.